АБОНЕНТТІК ПОРТ (ПОРТ) - ПРОВАЙДЕРДІҢ Жабдығының АБОНЕНТ пен ПРОВАЙДЕРДІҢ желілерінің түйіспесі үшін пайдаланылатын интерфейс. АБОНЕНТТЕ бірнеше порттар (қосу нүктелері) бар болған жағдайда, олардың біреуі негізгі порт, ал қалғандары қосымша порттар болады. Негізгі порт бастапқы қосу нүктесіне сәйкес келеді, АБОНЕНТ осы Шарт белгілеген негіздер бойынша «Интернет» желісінен ажыратылған жағдайда, оған ПРОВАЙДЕРДІҢ қызмет бөлімдерімен өзара әрекеттесуі үшін, соның ішінде Ресми сайтқа және оның барлық тарауларына, сонымен қатар, пайдаланылған Интернет-трафиктің көлемдерінің есебі бойынша деректер, шот-фактуралардың және өзара есеп айырысулардың салыстыру актісінің электронды нұсқалары орналастырылған «Жеке кабинет» тарауына тұрақты түрде қол жеткізуге мүмкіндік беретін негізгі байланыс арнасын қалыптастырады. Негізгі порттың мәртебесі АБОНЕНТТІҢ жазбаша өтініміне негізделген өтініші бойынша АБОНЕНТТІҢ қол астындағы басқа портқа (қосу нүктесіне) қатысты белгілене алады. Бұл туралы осы Шарттың № 1 Қосымшасына сәйкесінше өзгертулер енгізіледі.

АВТОНОМДЫҚ ЖҮЙЕ (AS) - бұл RFC-1930 құжатына сәйкес бірыңғай және нақты анықталған маршруттау саясаты бар бір не бірнеше байланыс операторлары басқаратын IP-желілердің жиынтығы.

РЕСУРС ӘКІМГЕРІ - заңды негізде «Интернет» желісінің Ресурсын басқаруды іске асыратын, соның ішінде, «Интернет» желісі Ресурсының тұтас алғанда әлемдік «Интернет» желісімен өзара әрекеттесу саясатын, сондай-ақ басқа да пайдаланушылардың «Интернет» желісінің Ресурсына қатысты құқықтарын анықтайтын тұлға.

ҮЗДІКСІЗ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ АКТ - Тараптар қол қоятын және ПРОВАЙДЕРДІҢ АБОНЕНТКЕ үздіксіз Қызмет көрсетуінің басталуын растайтын құжат. Үздіксіз қызмет көрсетудің басталуы туралы акт осы Шартпен бір уақытта жасалады, осы Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады және Шарт қолданыстағы болған уақыттың ішінде Қызметтерді кідіртудің және/не Қызметтерді тоқтатудың орын алғанына не алмағанына қарамастан, Шарт бұзылғанға дейін қолданыста болады.

ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ-ТАБЫСТАУ АКТІСІ - Тараптар қол қоятын және қосу, қосымша порттар беру және т.б. секілді бір реттік Қызметтердің орындалғанын растайтын құжат. ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТКЕ көрсеткен бір реттік Қызметтер нақты көрсетілгеннен кейін рәсімделеді.

БАЛАНС - АБОНЕНТТІҢ ПРОВАЙДЕРДІҢ БИЛЛИНГСІНДЕГІ барлық қаржылық операциялар бейнеленетін, АБОНЕНТТІҢ ПРОВАЙДЕРМЕН есеп айырысуларының есебін жүргізу үшін пайдаланылатын аналитикалық шоты. АБОНЕНТТІҢ аналитикалық шотын жүргізудің қағидалары бухгалтерлік есепте қабылданған қағидаларға ұқсас. ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТКЕ қызметтер көрсеткен кезде, АБОНЕНТТІҢ Балансының мәні азаяды. АБАОНЕНТ Балансты толықтырған кезде, Баланстың мәні ұлғаяды.

БИЛЛИНГ (пайдаланылған Интернет-трафик көлемінің есебі) - ПРОВАЙДЕРДІҢ АБОНЕНТКЕ көрсетілетін Қызметтердің есеп операцияларын автоматты түрде орындауға, сондай-ақ оларды тарификациялауға және төлем шоттарын беруге арналған аппараттық-бағдарламалық кешені.

ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАЙТА БАСТАУ - ПРОВАЙДЕРДІҢ АБОНЕНТКЕ негізгі және қосымша Қызметтерді көрсетуді қайта бастауы. Қызметтерді кідірткеннен кейін қызметтерді қайта бастау тек АБОНЕНТ Балансты оң мәнге дейін толықтырғаннан кейін ғана мүмкін болады. Қызметтерді тоқтатқаннан кейін қызметтерді қайта бастау тек ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТТІҢ жазбаша өтінімін алғаннан кейін ғана мүмкін болады. Бұл орайда, ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТТЕН IP-адрестерді және қосымша порттарды бергені үшін қайтадан ақы алуға құқылы.

ШАРТ - осы Шарт, соның ішінде оның барлық қосымшалары және қосымша келісімдері, АБОНЕНТ Шартты, оның қосымшалары мен қосымша келісімдерін тиісінше рәсімдегенге дейін сәйкесінше нақты Қызметтерді көрсету туралы өтінішпен берген өтінім-хаттары, сондай-ақ ПРОВАЙДЕРДІҢ қолданыстағы Ережелері мен тарифтері.

DNS (Domain Name Server) - домендік есімдер қызметі – символдық домендік есімдерді IP-адрестерге және керісінше айналдыруға арналған орталықтандырылған қызмет.

БІР ЖОЛҒЫ ТӨЛЕМДЕР - АБОНЕНТТІ «Интернет» желісіне қосу үшін алынатын төлем; АБОНЕНТКЕ нақты IP-адрестерді пайдалануға беру үшін алынатын төлем, АБОНЕНТКЕ қосымша порттарды пайдалануға беру үшін алынатын төлем. Бір жолғы төлемдердің өзге түрлері АБОНЕНТКЕ қосымша Қызметтерді көрсетуге байланысты орын алуы мүмкін. АБОНЕНТКЕ негізгі Қызметтерді көрсетуге байланысты бір жолғы төлемдердің нақты көлемі Шарттың **№1 Қосымшасында** белгіленеді.

АЙ САЙЫНҒЫ ТӨЛЕМДЕР - АБОНЕНТКЕ нақты көрсетілген Қызметтер үшін алынатын төлем; АБОНЕНТТІК нақты IP-адрестерді пайдаланғаны үшін (жалдау) алынатын төлем; АБОНЕНТТІҢ қосымша порттарды пайдаланғаны үшін (жалдау) алынатын төлем. Ай сайынғы төлемдердің өзге түрлері АБОНЕНТКЕ қосымша Қызметтерді көрсетуге байланысты орын алуы мүмкін. АБОНЕНТКЕ негізгі Қызметтерді көрсетуге байланысты ай сайынғы төлемдердің нақты көлемі Шарттың **№1 Қосымшасында** белгіленеді.

БЕРЕШЕК - осы Шартқа сәйкес АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕР көрсеткен Қызметтер үшін төлемеген ақша сомасы.

ИНТЕРНЕТ-ТРАФИК - АБОНЕНТ осы Шарттың **№3 Қосымшасында** көрсетілген барлық Абоненттік IP-адрестер бойынша пайдаланатын ақпарат көлемі.

АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРС - ақпараттың сақталуын және берілуін қамтамасыз ететін ақырғы жүйе.

IP-АДРЕС - IP желіаралық протоколды пайдаланатын әрбір белсенді құрылғының желідегі орналасқан орнын анықтайтын жазба. Желіге қосылған кезде әрбір белсенді желі құрылғысына бірегей IP-адрес беріледі. ПРОВАЙДЕРДІҢ желісі ішінде қосылған желінің IP-адресін ПРОВАЙДЕРДІҢ жүйелік әкімгері АБОНЕНТТІ қосқан уақытта тағайындайды. Абоненттік IP-адрестер туралы мәліметтер тиісті жұмыстар аяқталысымен жасалатын қосу актісінде, сондай-ақ Шарттың **№3 Қосымшасында** көрсетіледі.

МАК-АДРЕС - әрбір белсенді желілік Ethernet құрылғысын желіде айқындау үшін берілетін бірегей оналтылық сериялық нөмір. МАК-адрес желілік құрылғыға өндіруші құрылғыны дайындау барысында тағайындалады. Желілік құрылғының мак-адресі туралы мәліметтер тиісті жұмыстар аяқталысымен жасалатын қосу актісінде, сондай-ақ Шарттың №3 Қосымшасында көрсетіледі.

E-MAIL АДРЕС - электронды пошта адресі.

ПРОВАЙДЕРДІҢ ЖАБДЫҒЫ - ПРОВАЙДЕРДІҢ Қызмет көрсетуі үшін қажетті техникалық құрылғылар (серверлер, коммутаторлар және т.с.с.), жалғашы кабельдері. АБОНЕНТ қосылған жерлерде орнатылған ПРОВАЙДЕР жабдығы ПРОВАЙДЕРДІҢ меншігі болып табылады және осы Шарт кез-келген негіздер бойынша бұзылған жағдайларда ПРОВАЙДЕРГЕ қайтарылуы тиіс.

АШЫҚ РЕСУРСТАР - Интернет желісінің АБОНЕНТТЕ қызметтер Кідірілген жағдайда қол жеткізу сақталынып қалатын ресурстары. Ашық ресурстардың тізімі Провайдердің сайтында жарияланған.

ЕСЕПТІК КЕЗЕҢ - ПРОВАЙДЕР Қызметтерді нақты көрсетіп, ал АБОНЕНТТІҢ оны алатын **бір күнтізбелік айға (есептік ай) тең** уақыт бөлігі.

ПРОВАЙДЕРДІҢ РЕСМИ САЙТЫ - q.net.kz веб-сайты.

ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТОҚТАТУ - қызметтер Кідірілгеннен мезеттен бастап 30 (отыз) күнтізбе күннен кем емес мерзімде, осы уақыт аралығында Қызметтерді Қайта бастау жүргізілмеген жағдайдағы ПРОВАЙДЕРДІҢ АБОНЕНТТІҢ Интернет желісіне қол жеткізуін уақытша шектеуі. Қызметтерді тоқтатылған жағдайда АБОНЕНТКЕ Ашық ресурстарға қол жеткізмейді. Қызметтерді тоқтату АБОНЕНТ атындағы IP-адрестері мен порттарын сақтап қалуға кепілдік бермейді. Сондай-ақ, Қызметтерді тоқтатудан кейінгі келесі Есептік кезеңнен бастап IP-адрестер мен порттар жалдау есептеулері жүргізілмейді. Қызметтерді қайта бастау Қызметтерді тоқтатудан кейін тек қана АБОНЕНТТІҢ жазбаша өтінімі негізінде, АБОНЕНТ балансын оң мәнге дейін толықтырып және IP-адрестер мен порттардың беру ақысын төлеген кезде мүмкін болады.

ҚОСЫМШАЛАР - Осы Шарттың талаптарына сәйкес өзгертілуі мүмкін осы Шарттың барлық бастапқы және қосымша қосымшалары.

ҚЫЗМЕТТЕРДІ КІДІРТУ - АБОНЕНТТІҢ Балансы теріс мәнге жеткен жағдайда, ПРОВАЙДЕРДІҢ АБОНЕНТТІҢ Интернет желісіне қол жеткізуін уақытша шектеуі. Қызметтерді Кідірткен кезде, АБОНЕНТ оған берілген IP-адрестер мен порттарды сақтап қалады, оларды жалдауды төлеу міндеттемесі АБОНЕНТКЕ жүктеледі. Қызметтерді Кідірткен кезде, АБОНЕНТ Ашық ресурстарға қол жеткізуін сақтап қалады. Қызметтерді қайта бастау АБОНЕНТ Балансты оң мәнге дейін толықтырғаннан кейін автоматты түрде жүреді. Қызметтер Кідірілгеннен кейін, қызметтер Қайта басталғанға дейін, ашық ресурстарға қол жеткізу мүмкін болуына және АБОНЕНТТЕ нақты IP-адрестердің бар болуына байланысты, АБОНЕНТІҢ белсенділігіне қарамастан, Интернет-трафиктің аз мөлшерінің құрылуына жол беріледі.

НАҚТЫ IP-АДРЕС - жеке IP-адрестерді қоспағанда, IP-адрестердің кез-келгені. АБОНЕНТТІҢ нақты IP-адрестерді пайдалануы **АБОНЕНТКЕ ол алатын Қызметтерге ешқандай шектеулер салмайды**. АБОНЕНТ нақты IP-адрестерді пайдаланған кезде ПРОВАЙДЕР **АБОНЕНТТІҢ ақпараттық қауіпсіздігінің кепілдігін толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндігі болмайды**.

«ИНТЕРНЕТ» ЖЕЛІСІНІҢ РЕСУРСЫ - желілік ресурстар, соның ішінде ақпараттық ресурстар.

ЖЕЛІЛІК ИНТЕРФЕЙС - кез-келген белсенді желілік құрылғының желіге қосылуына қызмет көрсететін интерфейс. Желілік интерфейс ретінде Ethernet стандартындағы желілік адаптері және сол тектес құрылғылар қызмет ете алады. Кез-келген белсенді желілік құрылғының деректер пакетін қабылдауы/ беруі желілік интерфейс арқылы іске асырылады.

ҚЫЗМЕТТЕР - ПРОВАЙДЕР 28 наурыз 2000 ж. берілген МТК № ДС 0001138 лицензиясы негізінде және осы Шартқа сәйкес көрсететін «Интернет» желісіне қол жеткізу (деректерді беру), нақты IP-адрестерді пайдалану және жалдау, қосымша порт беру және жалдау негізгі қызметтері мен қосымша қызметтер. Қосымша қызметтердің тізімі мен оларға ақы төлеудің шарттары ПРОВАЙДЕРДІҢ Ресми сайтының тиісті тарауында (секторында) берілген. АБОНЕНТКЕ көрсетілетін негізгі қызметтердің нақты тізімі осы шарттың **№1 Қосымшасында** белгіленеді.

ОРНАТУ - ПРОВАЙДЕРДІҢ ЖАБДЫҒЫН және/немесе бағдарламалық қамсыздандырылуын белгіленген мақсатына сәйкес дұрыс жұмыс істеуін тексере отырып, және Орнату барысында анықталған ақауларды жоя отырып, жөнге келтіру (іске қосу-жөндеу).

ЖЕКЕ IP-АДРЕС - RFC-1918 құжатында анықталғанындай ПРОВАЙДЕРДІҢ ішкі желісінде локальды пайдалануы үшін сақтап қойылған IP-адрестердің бірі. Барлық жеке IP-адрестер нақты IP-адрестерге адрестерді тарату технологиясы (Network Address Translation, NAT) арқылы түрлендіріледі. АБОНЕНТТІҢ жеке IP-адрестерді пайдалануы **ол алатын Қызметтерге белгілі бір шектеулер таңады (атап айтқанда, IP-телефонияның жекелеген түрлерінде, Интернет-банкингтің жекелеген жағдайларында және т.б. жағдайларда пайдалануының мүмкін еместігі)**. Сонымен бірге, ПРОВАЙДЕР нақты IP-адрестерді пайдаланған жағдайларға қарағанда, АБОНЕНТТІҢ **ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мол мүмкіндіктерге ие**.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. ПРОВАЙДЕР Осы Шарттың аясында және талаптарының негізінде АБОНЕНТКЕ Қызметтер көрсетеді, ал АБОНЕНТ Қызметтерді қабылдайды және оларға осы Шарттың **4-ші бабына** сәйкес ақы төлейді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚҰҢЫҚТАРЫ

2.1. ПРОВАЙДЕРДІҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

2.1.1. ПРОВАЙДЕР осы Шарт күшіне енген, АБОНЕНТ оны «Интернет» желісіне қосу үшін берілген шотты төлеген және АБОНЕНТ Балансты толықтырған күннен бастап АБОНЕНТКЕ сапасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына және ПРОВАЙДЕРДІҢ лицензиясы қарастырған байланыс саласындағы қызметті іске асыру шарттарына сәйкес келетін Қызметтерді көрсетеді.

2.1.2. ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТКЕ осы Шарт қарастырған кез-келген тәсілмен, соның ішінде ПРОВАЙДЕРДІҢ Ресми сайтында ақпарат орналастыру арқылы, осы Шарттың 3.7-тармағында көрсетілген өзгерістер жағдайларына байланысы жоқ, Шарт бойынша негізгі Қызметтерді көрсетудің бағаларындағы, тарифтеріндегі және шарттарындағы барлық өзгерістер туралы 15 (он бес) күнтізбе күн бұрын хабарлайды. Бұл орайда бағалардың, тарифтердің және шарттардың өзгерісі тек Есепті кезеңнен кейін келетін келесі айдың басынан бастап, сәйкесінше өтінімдердің және Тараптар қол қойған осы Шартқа Қосымшаның негізінде ғана мүмкін болады.

2.1.3. ПРОВАЙДЕРДІҢ Қызметтерді көрсетуге арналған жабдығында және/не бағдарламалық қамтамасыз етуінде ақаулықтар бар болған жағдайда, ПРОВАЙДЕР ақаулықтарды осындай ақаулықтар анықталған мезеттен бастап 24 (жиырма төрт) сағаттың ішінде, ал ерекше жағдайларда 72 (жетпіс екі) сағаттың ішінде жоюға қажетті шаралар қабылдайды. Бұл орайда, жоспарлы да, жоспардан тыс та техникалық-профилактикалық жұмыс үшін қарастырылған көрсетілген уақытты Тараптар тоқтатпай қалу (байланыстың үзілуі) уақыттары ретінде санамайды.

2.1.4. ПРОВАЙДЕР осы Шарттың №3 Қосымшасында көрсетілген Абоненттік IP-адрестер бойынша пайдаланылған Интернет-трафиктің көлемінің есебін (Биллинг) желілік деңгейде өз бетінше іске асырады. ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТТІҢ оның бірінші басшысы не оның уәкілетті лауазымды тұлғасы қол қойған, сондай-ақ мөр басылған өтінімінің негізінде нақты уақыт бөлігінде пайдаланылған Интернет-трафикті қысқартылған көлемде де, толық көлемде де нақтылауды беруі мүмкін. Бұл орайда нақтылауды даярлау мерзімін ПРОВАЙДЕРДІҢ өзі оның ішкі құжаттарына және тәртібіне сәйкес, бірақ Есепті кезеңнен кейін келетін ай аяқталатын мерзімнен кеш емес мерзімде белгілейді. Интернет-трафикті нақтылау АБОНЕНТКЕ ресми байланыс арнасы болып табылатын (№ 3 Қосымшаны қараңыз) негізгі электрондық пошталық адреске не АБОНЕНТТІҢ өзі өтінімде көрсеткен электрондық пошталық адреске электронды түрде жіберіледі.

2.1.5. Егер қызметтерді Кідірту орын алған болса, ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТ балансты оң мәнге дейін толықтырғаннан кейін, қызметтерді Қайта бастауды жүргізуге міндетті.

2.1.6. Қызметтерді Тоқтату орын алған жағдайда, ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТ жазбаша өтінім бергеннен кейін, балансты оң мәнге дейін толықтырғаннан кейін, IP-адресстердің және қосымша порттардың ақысы төленгеннен кейін қызметтерді Қайта бастауды жүргізуге міндетті.

2.2. ПРОВАЙДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

2.2.1. ПРОВАЙДЕР осы Шарттың аясында және талаптарының негізінде АБОНЕНТКЕ техникалық мәселелер бойынша кеңес беру қолдауын көрсетуге құқылы.

2.2.2. Қажет болған жағдайда ПРОВАЙДЕРДІҢ АБОНЕНТКЕ алда болатын ауыстыру туралы 10 (он) жұмыс күні бұрын хабарлай отырып, өзінің адресстік кеңістігіне тиісті Абоненттік IP-адресстерді біржақты тәртіпте өзгертуге құқығы бар. Бұл орайда, IP-адресстерді ауыстыру осы Шарттың № 3 Қосымшасына сәйкесінше өзгертулер енгізу арқылы рәсімделеді. Бұл жағдайда ПРОВАЙДЕР сәйкесінше қайта жөнге келтіру үшін мамандардың жіберілуін өз күшімен және өз есебінен қамтамасыз етеді.

2.2.3. Қажет болған жағдайда ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТКЕ өзінің ниеті туралы 10 (он) күнтізбе күн бұрын алдын ала хабарлай отырып, АБОНЕНТКЕ берілген DNS-серверлердің адресстерін біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы. АБОНЕНТКЕ берілген DNS-серверлердің адресстерін ауыстыру үшін ПРОВАЙДЕР сәйкесінше қайта жөнге келтіру үшін мамандардың жіберілуін өз күшімен және өз есебіне қамтамасыз етеді.

2.2.4. ПРОВАЙДЕР жоспарлы және жоспардан тыс жөндеу-профилактикалық шараларды жүргізуге құқылы. Жоспарлы жөндеу-профилактикалық шараларды іске асырған жағдайда, ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТКЕ 3 (үш) жұмыс күннен кем емес мерзімде не ПРОВАЙДЕРДІҢ Ресми сайтында сәйкесінше ақпаратты орналастыру арқылы, не электронды пошта, факсимильді не телефон байланысы құралдары арқылы хабарландыру жіберу арқылы хабарлайды. Жоспардан тыс жөндеу-профилактикалық шаралар жүргізу қажет болған кезде, ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТКЕ жедел тәртіпте хабарлайды.

2.2.5. АБОНЕНТТІҢ балансы теріс мәнге жеткенде, ПРОВАЙДЕР Қызметтерді кідірту немесе Қызметтерді тоқтатуды жүзеге асыруға құқылы.

2.2.6. Қызметтер тоқтатылғаннан кейін Қызметтерді қайта бастауға дейін ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТТЕН IP-адресстер мен қосымша порттардың ақысын өндіріп алуға құқылы.

2.3. АБОНЕНТТІҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

2.3.1. АБОНЕНТ осы Шарттың № 4 Қосымшасына сәйкес Үздіксіз қызмет көрсетудің басталуы туралы актіге және Орындалған жұмыстарды табыстау-қабылдау актісіне оларды алған мезеттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кеш емес мерзімде қол қоюға не дәл сол мерзім ішінде ПРОВАЙДЕРГЕ жазбаша түрде дәлелді бас тарту жіберуге міндет алады. Егер ПРОВАЙДЕР аталған мерзімнің ішінде дәлелді бас тарту алмаған болса, жоғарыда аталған Акт бойынша жұмыстар қабылданған деп саналады. АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕРДІҢ Қызметтерін Шартты тиісінше жасағанға дейін алған жағдайда, АБОНЕНТ алынған Қызметтерге Үздіксіз қызмет көрсетудің басталуы туралы актіге және Орындалған жұмыстарды табыстау- қабылдау актісіне сәйкес «Интернет» желісіне нақты қосылған мезеттен бастап ақы төлейді.

2.3.2. АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕРДІҢ Қызметтеріне Тараптар Үздіксіз қызмет көрсетудің басталуы туралы актіге, әлде Орындалған жұмыстарды табыстау-қабылдау актісіне қол қойған мезеттен бастап, әлде нақты Қызмет көрсеткен мезеттен бастап (қандай мезеттің бұрын орын алатынына қарай), осы Шартқа, оның қосымшаларына сәйкес және ПРОВАЙДЕР берген шоттардың негізінде ақы төлеуге міндет алады.

2.3.3. АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕРДІҢ Жабдығына рұқсатсыз қол жеткізуге талпыныс жасамауға міндет алады.

2.3.4. АБОНЕНТ компьютерлік вирустардың және басқа да зиянкес бағдарламалық қамтамасыз етудің алдын алу және жою үшін барлық қажетті шараларды өз бетінше қабылдайды.

2.3.5. АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕРДІҢ Ресми сайтында орналастырылған, Шарт бойынша Қызметтер көрсетуге, сондай-ақ Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерді орындауына қатысы бар ақпаратпен/мәліметтермен жүйелі түрде танысуға міндет алады.

2.3.6. АБОНЕНТ осы Шарттың № 2 Қосымшасы қарастырған Қызметтерді көрсетудің жалпы, техникалық және арнайы шарттарын мүлтіксіз орындауға міндет алады.

2.4. АБОНЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ.

2.4.1. АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕРГЕ сәйкесінше жазбаша негіздеме тіркелген жазбаша өтінім жіберу арқылы ПРОВАЙДЕРДІҢ өзінің адресстік кеңістігінен берілген Абоненттік IP-адресстерді өзгерту туралы өтініш жасауға құқылы. ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТТІҢ аталған өтінімін қарастырған кезде АБОНЕНТТІҢ пікірін ескереді, бірақ кез-келген жағдайда бұл мәселенің шешімі тек ПРОВАЙДЕРДІҢ айрықша құзиреті болып табылады.

2.4.2. АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕРДЕН ПРОВАЙДЕРДІҢ пошталық серверінен E-mail-адресстер алуға және оларды осы Шарт күшінде болған бар мерзімнің ішінде пайдалануға құқылы. Қызметтің құны пайдаланылған Интернет-трафиктің төлеміне енгізілген. Бұл орайда ПРОВАЙДЕРДІҢ пошталық серверінде E-mail-адресстерді беру, құрылған E-mail-адресстерді жою және жаңа E-mail-адресстерді құру АБОНЕНТТІҢ уәкілетті тұлғасының қолтаңбасымен және мерімен куәландырылған АБОНЕНТТІҢ жазбаша өтінімінің негізінде, немесе ПРОВАЙДЕРДІҢ Ресми сайтындағы сәйкесінше тарауға өтініш жасау арқылы іске асырылады. Осы Шарт кез-келген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда, АБОНЕНТТІҢ ПРОВАЙДЕРДІҢ пошталық серверіндегі барлық E-mail-адресстер автоматтық режимде жойылуы тиіс.

2.4.3. АБОНЕНТ жаңа компьютерлерді қосқан, жаңа E-mail-адресстерді орнатқан жағдайда, оның ПРОВАЙДЕРДЕН бағдарламалық қамтамасыз етуді жөнге келтіру бойынша сәйкесінше Қызметтер алуға құқығы бар. Аталған қызметтердің құны ПРОВАЙДЕРДІҢ көрсетілген Қызметтерді жөнге келтіру бойынша қолданыстағы тарифіне енгізілген. Бұл орайда жөнге келтіру бойынша Қызметтерді көрсету үшін ПРОВАЙДЕРДІҢ мамандарын шақыруға осы Шарттың №2 Қосымшасының 15-тармағына сәйкес ПРОВАЙДЕРДІҢ қолданыстағы тарифтері бойынша ақы төленеді.

2.4.4. Қызметтер Кідірілгеннен кейін, АБОНЕНТТІҢ балансты оң мәнге дейін толықтырып, қызметтерді Қайта бастауға құқығы бар болады. Қызметтер тоқтатылғаннан кейін АБОНЕНТТІҢ жазбаша өтінім беру, Балансты оң мәнге дейін толықтыру және IP-адресстер мен қосымша порттардың берілгені үшін ақы төлеу арқылы қызметтерді Қайта бастауға құқығы бар.

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРТТАР

3.1. Осы Шарт бойынша ПРОВАЙДЕРДІҢ Қызметтерінің төлемін АБОНЕНТ аванстық төлеу жүйесі бойынша жүргізеді. Аванстық төлеу жүйесі деп АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕРДІҢ қызметтерін АБОНЕНТТІҢ Балансында ақша қаражаттары бар болған кезде пайдалана алатын жүйе түсініледі. Бұл орайда баланстық сомамен АБОНЕНТТІҢ ПРОВАЙДЕРДІҢ негізгі және қосымша Қызметтерін алуына байланыс барлық шығындар жабылады. Тарифтеу кезінде баланс теріс мәнге дейін төмендеген кезде, ПРОВАЙДЕР автоматты режимде, АБОНЕНТТІ алдын ала хабарландырусыз, АБОНЕНТ Балансты оң мәнге дейін сәйкесінше толықтырғанға дейін Қызметтерді кідіртуді жүргізеді.

3.2. Осы Шарт бойынша Қызметтер осы Шарттың 2.3.2-тармағы қарастырған күн орын алғаннан бастап үздіксіз негізде көрсетіледі. Бұл орайда Тараптар ай сайынғы орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілерін рәсімдемейді (негіздеме – Қазақстан Республикасы салық кодексінің 237 бабының 8 тармағы).

3.3. Осы шарттың №1 Қосымшасы қарастырған бағалар мен тарифтер ҚҚС-ын қамтымайды. Бұл орайда есепті кезеңде нақты алынған Қызметтер үшін шот-фактура бойынша жалпы сома есептелген ҚҚС сомасын қамтиды. Уәкілетті мемлекеттік билік органы ПРОВАЙДЕР көрсететін Қызметтерге қатысты қандай да бір өзге салықтар енгізген жағдайда, мұндай салықтар да АБОНЕНТКЕ нақты көрсетілген Қызметтер үшін берілетін шот-фактураның сомасына енгізілетін болады.

3.4. Қызметтердің төлемі Бір жолғы төлемдер мен Ай сайынғы төлемдерді қамтиды. АБОНЕНТ төлеуі тиіс болатын Қызметтердің нақты түрлері осы Шарттың № 1 Қосымшасында белгіленеді.

3.5. Қызметтердің көрсетілуінің алдында АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕРДІҢ бастапқы толық төлеуге (қосу үшін Бір жолғы төлемдердің сомасын қамтиды) және Балансты толықтыруға міндет алады.

3.6. ПРОВАЙДЕРДІҢ Қызметтерін төлеу бойынша келіспеушіліктер пайда болған жағдайда, Тараптар 5 (бес) күнтізбе күннен кеш емес мерзімде міндетті түрде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қояды. АБОНЕНТ тарапынан өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюдан дәлелсіз бас тарту не қол қою мерзімін бұзу ПРОВАЙДЕРГЕ «Интернет» желісіне қол жеткізуді дереу кідіртуге, ал аталған мәселе шешілмеген жағдайда, осы Шартты бұзуға құқық береді. Осы Шарт кез-келген негіздер бойынша тоқтатылған не бұзылған жағдайда да Тараптар Шарттың 6.4-тармағы белгілеген мерзімнің ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне міндетті түрде қол қояды.

3.7. ПРОВАЙДЕРГЕ телекоммуникациялық қызметтер көрсететін ұйымдар тарифтер мен бағаларды ұлғаю жағына өзгерткен жағдайда, ПРОВАЙДЕР ПРОВАЙДЕРДІҢ Ресми сайтында хабарландыру орналастыра отырып, АБОНЕНТКЕ көрсетілетін қызметтердің тарифтері мен бағаларын түзетуге құқылы.

Егер АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕРДІҢ Қызметтерін өзгертілген тарифтер мен бағалар бойынша пайдалануды жалғастыруға келіспейтін болса, онда ол бұл туралы ПРОВАЙДЕР хабарландыру орналастырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күннің ішінде ПРОВАЙДЕРГЕ хабарлауға міндетті. Бұл орайда осы Шарт ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТТЕН бұзу туралы хабарландыру алған күннен бастап бұзылған деп саналады. Алайда, бұл АБОНЕНТТІ ПРОВАЙДЕР нақты көрсеткен Қызметтерге (IP-адрестерді, қосымша порттарды жалдау және т.б.) ақы төлеу міндетінен босатпайды.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Тараптар осы Шарт және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қарастырған тәртіпте жауапкершілік көтереді.

4.2. Қызметтердің сапасының нашарлауы ПРОВАЙДЕРДІҢ еркінен тәуелсіз жағдайлардан орын алған, атап-айтқанда, үшінші тұлғалардың, ПРОВАЙДЕРГЕ телекоммуникациялық қызметтерді, қуатпен қамтамасыз ету қызметтерін көрсететін жеткізушілердің әрекеттерінен; коммуникациялық байланыс торабынан тыс байланыс желілерінің зақымдалуынан, яғни ПРОВАЙДЕРГЕ тиесілі емес сыртқы кабельдік және жер серіктік арналардағы байланыстың үзілуінен болған жағдайларды қоспағанда, ПРОВАЙДЕР көрсетілетін Қызметтердің сапасы үшін жауапкершілік көтереді. Бұл орайда, ПРОВАЙДЕР осы Шарттың 2.1.3 тармағының талаптарын ескере отырып, желінің және телекоммуникация құралдарының зақымдалуынан болған шығындарды анықтаудың ережелеріне сәйкес АБОНЕНТКЕ Қызметтерді көрсетудің үзілістері жағдайлары келтірген дәлелденген нақты зиян үшін жауапкершілік көтереді.

4.3. АБОНЕНТТІҢ ПРОВАЙДЕРМЕН қосылуының жағдайына және түріне қарамастан, АБОНЕНТ АБОНЕНТТІ ПРОВАЙДЕРДІҢ Қызметтеріне нақты қосу мезетінен бастап АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕРДІҢ Қызметтерінен нақты ажыратылған мезетке дейін осы Шарттың № 3 Қосымшасына сәйкес АБОНЕНТтік IP-адресстер бойынша өтетін Интернет-трафиктің барлық көлемі үшін толық көлемде жауапкершілік көтереді. Бұл орайда АБОНЕНТТІҢ ПРОВАЙДЕРДІҢ Қызметтерін пайдаланудан біржақты бас тартуы (ПРОВАЙДЕРДІ жазбаша түрде хабарландырусыз) Қызметтерді көрсетудің үрдісінің өзін кідіртпейді/тоқтатпайды және сәйкесінше АБОНЕНТКЕ ПРОВАЙДЕРДІҢ нақты көрсеткен Қызметтері үшін жауапкершілік, соның ішінде материалдық жауапкершілік ауыртпалығын жүктейді.

5. ҚАРСЫ ТҰРУҒА БОЛМАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР (ФОРС-МАЖОР)

5.1. Егер осы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау жер сілкінісін, су тасқынының, өртті, індетті, жарылысты, соғысты және соғыс әрекеттерін, ереуілді, эмбаргоны, уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдерін, лицензияларды/рұқсаттарды тоқтату/кері қайтаруды, қайта рәсімдеуді, сондай-ақ Тараптардың орынды бақылауынан тыс тұрған төтенше сипаттағы басқа да жағдайлар мен әрекеттерді қоса, бірақ олармен шектелмей, қарсы тұруға болмайтын жағдайлардың, яғни төтенше және осы жағдайларда алдын алуға болмайтын жағдайлардың ықпалының салдарынан мүмкін болмаған болса, Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара не толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

5.2. Міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған Тарап олар орын алған мезеттен бастап 10 (он) күнтізбе күннен кеш емес мерзімде бұл туралы басқа Тарапқа жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Хабарламау не уақытында хабарламау Тарапты кез-келген жоғарыда аталған жағдайға міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады.

5.3. Осы Шарттың 5.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың орын алуының тиісінше растауы Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген құжат болып табылады. Форс-мажор жағдайлары орын алған кезде, осы Шарт ескерген барлық мерзімдер, егер бұл жағдайлар Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына тікелей ықпал еткен болса, форс-мажорлық жағдайлар орын алған кезеңге ұзартылады.

5.4. Егер форс-мажорлық жағдайлардың ықпалы бір айдан артық жалғасатын болса, Тараптардың осы Шартты бұзуға құқығы бар. Бұл орайда, Тараптардың арасында міндетті түрде осы Шарттың 6.4 тармағына сәйкес осы Шарт бұзылатын мезетте ПРОВАЙДЕР көрсеткен Қызметтердің көлемі және АБОНЕНТ төлеген төлемдер бойынша өзара есеп айырысулар жүргізіледі.

6. ШАРТТЫҢ КҮШІ ЖҮРЕТІН МЕРЗІМ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУДЫҢ ШАРТТАРЫ

6.1. Осы Шарт осы Шарттың бірінші бетінде қойылған күннен бастап күшіне енеді және "**ст**" {**\$co ж. дейін** күшінде болады.

6.2. Тараптардың біреуі басқа Тарапқа осы Шарттың оның күшінің аяқталуына байланысты тоқтатылатыны туралы **20 (жиырма) күнтізбе күн бұрын** хабарламаған жағдайда, осы Шарт **әрбір келесі күнтізбе жылға ұзартылатын болады.**

6.3. Осы Шарттың күші келесі жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

6.3.1. Тараптардың өзара келісімі бойынша;

6.3.2. АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕР көрсететін Қызметтердің тарифтерінің өзгеруіне келіспеген жағдайда;

6.3.3. Осы Шарттың **5.4-тармағына** сәйкес қарсы тұруға болмайтын жағдайлар ықпал еткен жағдайда;

6.3.4. Тараптардың біреуі осы Шарт қарастырған міндеттемелерді бірнеше мәрте орындамаған жағдайда, басқа Тарап осы Шартты **20 (жиырма) күнтізбе күн бұрын** хабарлай отырып, біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

6.3.5. Тараптардың біреуінің бастамасы бойынша. Бұл орайда осы Шартты бұзуға бастамашы болып табылатын Тарап басқа Тарапқа болжамалы бұзу күнінен дейін 30 (отыз) күнтізбе күннен кем емес мерзімде ескертуі керек.

6.3.6. Қызметтерді Тоқтатқан мезеттен бастап, 90 (тоқсан) күнтізбе күннен кем емес мерзім өткенде, егер осы уақыт аралығында қызметтерді Қайта бастау жүргізілмеген болса, АБОНЕНТТІ хабарландырусыз, ПРОВАЙДЕРДІҢ бастамасы бойынша;

6.3.7. осы Шарттың 3.6 тармағы қарастырған жағдайда, ПРОВАЙДЕРДІҢ бастамасы бойынша;

6.4. Тараптардың арасындағы түбегейлі өзара есеп айырысулар осы Шарт тоқтатылған не бұзылған күннен бастап **7 (жеті) күнтізбе күннің ішінде** жүргізіледі.

7. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

7.1. Тараптардың әрқайсысы осы Шарттың мәтінін, сондай-ақ Тараптар осы Шартты жасасқан кезде және осы Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындау барысында бір-біріне берген және беретін ақпараттың барлық көлемін басқа Тараптың құпия ақпараты (ҚР қолданыстағы заңнамасы рұқсат ететін шеңберде – коммерциялық құпиясы) деп санауға келісті.

7.2. Тараптардың әрқайсысы осы Шарттың 7.1. тармағын бұза отырып, басқа Тараптың құпия ақпаратын жария етуіне байланысты оған келтірген барлық шығындарды толық көлемде етеуге міндет алады.

8. ДАУЛАРДЫ ҚАРАСТЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ

8.1. Осы Шарт, оның қосымшалары мен қосымша келісімдері реттемеген барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

8.2. Осы шарттан пайда болуы мүмкін кез-келген даулар мен келіспеушіліктер мүмкіндігінше Тараптардың арасындағы келіссөздер арқылы шешілетін болады. Бұл даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, Тараптар оларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қарастырған тәртіпте Қазақстан Республикасының ПРОВАЙДЕР орналасқан жердегі сот органдарының қарастыруына береді. Бұл орайда, дауларды қарастырудың және шешудің тілі ретінде Тараптар орыс тілін анықтады. Осы Шарттың талаптарын түсіндірген кезде Тараптар осы Шарттың орыс тіліндегі нұсқасына басымдық береді.

9. ҚОСЫМША ШАРТТАР

9.1. Осы Шарттың барлық өзгертулері мен толықтыруларының тек егер олар жазбаша түрде жасалған және Тараптар не олардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана күші бар болады.

9.2. Осы Шартқа екі Тарап та қол қойғаннан кейін, осы Шарт реттеген барлық сұрақтар бойынша барлық бұрынғы келіссөздер мен хат-хабарлар заңды күшінен айырылады.

9.3. Басқа Тараптың жазбаша келісімі бар болған жағдайларды қоспағанда, осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді үшінші заңды не жеке тұлғаларға беру рұқсат етілмейді. Бұл орайда ПРОВАЙДЕР өзінің АБОНЕНТТІҢ қарызын ПРОВАЙДЕРДІҢ пайдасына талап ету құқығын үшінші заңды және жеке тұлғаларға кез-келген уақытта, басқа Тараптың қандай да бір келісімінсіз беруге (иеліктен шығаруға) құқылы.

9.4. Осы Шарт бойынша барлық хабарландырулар жазбаша түрде жазылуы керек, оларға Тараптардың тиісінше өкілдері қол қоюы керек және олар Тараптардың Шартта көрсетілген заңды/нақты мекен-жайларына жіберілуі керек. Тараптар бес күндік мерзімнің ішінде бір-біріне заңды/нақты мекен-жайларының, заңды мәртебесінің және банк деректемелерінің, телефондары мен телефакстерінің нөмірлерінің, бағыныштылығының кез-келген өзгерістері туралы жазбаша түрде хабарлауға, сондай-ақ өздерінің келіссөздердегі өкілдері үшін қаржылық және міндеттемелік құжаттарға қол қою үшін уәкілет беруші құжаттарды беруге міндетті.

9.5. Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелері орындалатын жер Қазақстан Республикасы болып табылады. Қызметтерді көрсетудің нақты мекен-жайлары («Интернет» желісіне қосу нысандары) Үздіксіз қызметтер көрсетудің басталуы туралы актіде, әлде Орындалған жұмыстарды табыстау- қабылдау актісінде, сондай-ақ осы Шарттың № 1 Қосымшасында анықталады.

9.6. Осы шарт 5 беттен, Тараптардың уәкілетті өкілдері өз қолдарымен қол қойған, орыс және қазақ тілдерінде жазылған екі түпнұсқа данада жасалды, олардың әрқайсысының бірдей заңды күші бар, әрі Тараптардың әрқайсысына бір данадан беріледі.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ, ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

	ПРОВАЙДЕР	АБОНЕНТ
Заңды мекен-жайы	Қазақстан Республикасы, 050022, Алматы қ-сы, Сейфуллин даңғылы 597, 7-қабат	_____
Шоттар мен пошталық хабарламалар беруге арналған мекен-жай	Қазақстан Республикасы, 050022, Алматы қ-сы, Сейфуллин даңғылы 597, 7-қабат	_____
Нақты мекен-жайы	Қазақстан Республикасы, 050022, Алматы қ-сы, Сейфуллин даңғылы 597, 7-қабат	_____
Телефон	+7-727-2324301	_____
Факс	+7-727-2324302	_____
e-mail	info@q.net.kz	_____
WWW	http://q.net.kz	_____
Байланыс тұлғалары	шарт бойынша: _____, тел. +7-727-2324301 техникалық сұрақтар бойынша: Қолдау көрсету қызметі тел. +7-727-2324301 төлем бойынша: _____, тел. +7-727-2324301	шарт бойынша: _____ техникалық сұрақтар бойынша: _____ төлем бойынша: _____
БСН/ЖСН	980940001290	_____
СТН	600400091906	_____
Банк деректемелері	IBAN KZ08914398914BC03348, BIC SABRKZKA, «Жинақ Банкі» АҚ ЕБ, Алматы қ.	IBAN _____, BIC _____,
Резиденттік белгісі	1	_____
Экономика секторының коды	7	_____
Төлем мақсаты	852	_____

11. ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

ПРОВАЙДЕР атынан	АБОНЕНТ атынан
Қолтаңба _____	Қолтаңба _____
Аты-жөні Ақжолова Назгул Кабденовна	Аты-жөні _____
Лауазымы Атқарушы директор	Лауазымы _____
М.О.	М.О.

" _____ " _____ ж. күнгі № _____ Шартқа
(әрі қарай - Шарт)
№ 1 ҚОСЫМША

Алматы қаласы

" _____ " _____ ж.

**ПРОВАЙДЕР ШАРТ БОЙЫНША КӨРСЕТЕТІН
НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ**

Ethernet технологиясы бойынша «Интернет» желісіне қосу

№	Бір жолғы төлемдер	Саны	Бір бірліктің бағасы, теңге	Сомасы, теңге	Ескерту
1.	Абонентті мына мекен-жай бойынша қосу: _____		-	-	негізгі порт
2.	Нақты IP-адресстерді пайдалануға беру				
3.	Қосымша порттарды пайдалануға беру				

№	Ай сайынғы төлемдер	Саны	Бір бірліктің бағасы, теңге	Сомасы, теңге	Ескерту
1.	Пайдаланылған Интернет-трафиктің 1 Мбайты үшін төлем	Нақты пайдаланылғаны бойынша		Нақты пайдаланылғаны бойынша	
2.	Бір ай ішіндегі нақты IP-адресстерді жалға беру төлемі				
3.	Қосымша порттарды жалға беру төлемі				

Ескерту: Бағалар ҚҚС есебінсіз көрсетілген.

ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУДІҢ АРНАЙЫ ШАРТТАРЫ:

- Жылдамдығы - 100 Мбит/с;
- Абоненттік төлем жоқ;
- Интернет-трафикті санау ең үлкен құрамдас бөлік бойынша жүргізіледі;
- BGP протоколын қолдау – қызмет құны пайдаланылған Интернет-трафиктің төлеміне енгізілген;
- Бірінші портты беру және жалға беру – қызмет құны пайдаланылған Интернет-трафиктің төлеміне енгізілген;
- Нақты IP-адресстерді, сондай-ақ қосымша порттарды беру және жалға беру – АБОНЕНТ осы Қосымшада белгіленген бағалар бойынша төлейді;

Бұл Қосымша Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады және Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

ПРОВАЙДЕР	АБОНЕНТ
Атауы: "Intelsoft Kazakhstan LTD" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Атауы: _____
Қолтаңба _____	Қолтаңба _____
Аты-жөні Акжолова Назгул Кабденовна	Аты-жөні _____
Лауазымы Атқарушы директор	Лауазымы _____
М.О.	М.О.

ПРОВАЙДЕР _____

АБОНЕНТ _____

" _____ " _____ ж. күнгі № _____ Шартқа
(әрі қарай - Шарт)
№ 2 ҚОСЫМША

Алматы қаласы

" _____ " _____ ж.

ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУДІҢ ЖАЛПЫ, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ШАРТТАРЫ

1. Қызмет өзінің техникалық сипаттамалары бойынша тек ПРОВАЙДЕРДІҢ торабына дейін ғана өткізу қабілетін сақтауға кепілдік етеді.
2. АБОНЕНТ «Интернет» желісінің ресурстарының Әкімгерлерінің «Интернет» желісінің қандай да бір Ресурстарына қол жеткізуді шектей алатынын және ПРОВАЙДЕРДІҢ осы секілді әрекеттер үшін жауапкершілік көтермейтінін мойындайды.
3. Шарт күшінде болған мерзімнің ішінде АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕРГЕ «Интернет» желісіне қосымша нысандарды қосу туралы өтініш жасауға құқылы. Бұл жағдайда ПРОВАЙДЕР осындай нысандарға оларды «Интернет» желісіне қосудың техникалық мүмкіндіктеріне өз бетінше зерттеулер жүргізеді. Қосымша нысандарды қосудың құны, олардың саны, орналасу мекен-жайлары жаңа басылымдағы Шарттың №1 Қосымшасына қол қоюмен рәсімделеді.
4. Нысанды «Интернет» желісіне қосқан кезде ПРОВАЙДЕРДІҢ мамандары келген мезетке АБОНЕНТ Ethernet желілік картасы бар компьютердің болуын қамтамасыз етуі керек. «Интернет» желісіне бір компьютерден көп компьютерді қосқан жағдайда, АБОНЕНТ өзінде қосылатын компьютерлердің санынан кем емес +1 санды порттары бар желілік коммутатордың (Ethernet switch) бар болуын қамтамасыз етуі керек.
5. Нысанды «Интернет» желісіне қосу бойынша жұмыстарды жүргізген мезетте және олар аяқталғанға дейін АБОНЕНТ өз Тарапынан аталған жұмыстарды табыстауға-қабылдауға байланысты құжаттарға қол қоюға және оларды мөрмен бекітуге уәкілетті лауазымды тұлғаның қатысуын қамтамасыз етуге міндет алады.
6. Осы Қосымшаның 5-тармағында қарастырылған ереже АБОНЕНТТІҢ өтінімі бойынша ПРОВАЙДЕРДІҢ мамандарының келген жағдайларына да таралады.
7. Осы Қосымшаның 5 және 6-тармақтарының талаптарын бұзу ПРОВАЙДЕРГЕ бұзушылықтар жойылғанға дейін нысанды «Интернет» желісіне қосуды жүргізбеуге не сәйкесінше Қызметтерді кідіртуге құқық береді.
8. АБОНЕНТТІҢ нысандарын «Интернет» желісіне қосудың, сондай-ақ ПРОВАЙДЕРДІҢ мамандарының сәйкесінше өтінімдердің негізінде жұмыстарды орындауының мерзімдерін ПРОВАЙДЕР ішкі жинақтау-техникалық жұмыстарды орындау графигіне сәйкес, техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, өз бетінше белгілейді. АБОНЕНТТІҢ «Интернет» желісіне қосу нысанының орналасқан жері бір үй-жайдың (ғимараттың) ішінде өзгерген жағдайда, қосымша жинақтау-техникалық жұмыстарын жүргізуді және соның салдары ретінде уақыт шығындарын талап ететін жағдайларды қоспағанда, ПРОВАЙДЕРДІҢ мамандарының жұмыстарды орындау мерзімі АБОНЕНТТЕН сәйкесінше өтінімді нақты алған мезеттен бастап 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі кезеңді құрайды.
9. Нақты Абоненттік IP-адресстердің бар болуы АБОНЕНТТІҢ белсенділігіне қарамастан, Интернет-трафиктің құрылуына әкелуі мүмкін.
10. Биллингте тарифтеу белгілі бір кезеңділікпен жүргізіледі. Тарифтеу мезетінде АБОНЕНТТІҢ Баланысы Баланыстың нөлдік мәнінің бұрынғы тарифтеуден көрсетілген мезетке дейін интервал ішінде өткеніне байланысты теріс болуы мүмкін.
11. АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕРДІҢ адресстік кеңістігінен Абоненттік IP-адресстерді пайдалануды аяқтағаннан кейін, ПРОВАЙДЕР оларды ПРОВАЙДЕРДІҢ басқа Қызметтерді алушыларына беруге құқылы.
12. Пайдаланылған Интернет-трафиктің көлемін есепке алу үшін ПРОВАЙДЕР екі бағдарламалық қамтамасыз етудің біреуін негізгі ретінде қолданады: «LINUX» (<http://www.kernel.org>) не «TRAFFIC METER» (<http://www.trafficmeter.org>) операциялық жүйесінің ядросының сәйкесінше функцияларын. АБОНЕНТ пайдаланылған трафиктің көлемінің есебінің деректерімен келіспеген жағдайда, Тараптар Интернет-трафикті санау үшін негізгі ретінде пайдаланылмайтын бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдана отырып, Интернет-трафикті санай алады. Бұл жағдайда аталған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолданудың нәтижесінде алынған деректер түбегейлі болып табылады және дауласуға жатпайды.
13. ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТ пайдаланған Интернет-трафик бойынша деректерді ПРОВАЙДЕРДІҢ Ресми сайтының сәйкесінше тарауында орналастырады. Бұл орайда, АБОНЕНТ пайдаланған Интернет-трафик бойынша деректер әрбір компьютер үшін Абоненттік IP-адресстер бойынша айқындалады. Мұндай компьютерлерді пайдаланушылардың шектелген және тек АБОНЕНТТІҢ нақты пайдаланушысының компьютерінің Абоненттік IP-адресі бойынша Интернет-трафикті өткізуге қатысты деректерге ғана қол жеткізе алады. Барлық Абоненттік IP-адресстер бойынша айқындай отырып, АБОНЕНТ пайдаланған Интернет-трафик бойынша толық ақпаратқа қол жеткізу ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТТІҢ уәкілетті лауазымды тұлғаларына беретін парольдің негізінде іске асырылады.
14. Егер ПРОВАЙДЕРДІҢ АБОНЕНТКЕ берілген электрондық пошталық адресстердің (пошталық жәшіктердің) жұмыс істеуіне инспекциялық тексеруді жүргізуінің барысында АБОНЕНТТІҢ оған соңғы рет өтініш жасаған күннің мерзімі тексеру жүргізген күнге қарай 6 (алты) және одан да көп айды құрайтын болса, ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТТІ хабардар етуді, мұндай пошталық жәшіктерді ондағы хабарлармен және салымдармен бірге автоматты түрде жоюды жүргізуге құқылы. АБОНЕНТ белгіленген тәртіпте, сәйкесінше өтінімінің негізінде жаңа электрондық пошталық адресстер алуға, соның ішінде бұрынғы атауларын сақтай отырып алуға құқылы.
15. АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕРДІҢ және өзге де ұйымдардың алдында ол желіге қосқан үшінші тұлғалардың жұмыс тәртібі мен ережелерін орындауы үшін жауапкершілік көтереді.
16. АБОНЕНТТІҢ өтінімінің негізінде ПРОВАЙДЕРДІҢ мамандарын шақыруды АБОНЕНТ АБОНЕНТТІҢ өтінім жасауына негіз болған себептің бар болғанына не болмағанына немесе ПРОВАЙДЕРДІҢ мамандары келген мезетте АБОНЕНТТІҢ не үшінші тұлғалардың күшімен жойылғанына не жойылмағанына қарамастан ақы төлейді. Жөндеу және профилактикалық жұмыстарды жүргізу жағдайлары ғана қосылмайды.
17. Қызметтерді көрсетудің техникалық параметрлеріне кез-келген өзгертулерді/толықтыруларды Тараптар Шартқа № 3 Қосымшаға қол қою арқылы рәсімдейді.
18. АБОНЕНТТІҢ оның бірінші басшысы не өзге уәкілетті лауазымды тұлғасы қол қойған және мөрмен бекітілген өтінімі бойынша ПРОВАЙДЕР өзінің адресстік кеңестігінен Шарттың барлық күші жүретін мерзімінің ішінде жеке және/не нақты абоненттік IP-адресстерді пайдалануға бере алады. Аталған адресстер ПРОВАЙДЕРДІҢ Қызметтеріне қосылу үрдісінде де, олар берілген кезеңде де беріле алады. АБОНЕНТКЕ қолда бар жеке және/не нақты абоненттік IP-адресстерге қосымша адресстер берілген жағдайда, ПРОВАЙДЕР АБОНЕНТ пен оның тұтынушылары үшін тіркелетін үздіксіз адресстік кеңестікті қамтамасыз етуге кепілдік бермейді. ПРОВАЙДЕРДІҢ жеке/нақты абоненттік IP-адресстер желісін бөліп беруінің техникалық қажеттілігі мәселесін АБОНЕНТ өз бетінше шешеді. АБОНЕНТТІҢ кейін жеке абоненттік IP-адресстерден бас тартуына АБОНЕНТТІҢ ПРОВАЙДЕРДІҢ мекен-жайына жіберген тиісінше рәсімделген өтінімінің негізінде кез-келген уақытта рұқсат етіледі.
19. АБОНЕНТ «Интернет» желісін пайдаланудың жалпы ережелерін орындауға, сондай-ақ келесі әрекеттерді жасамауға міндет алады:
 - 19.1. а) ПРОВАЙДЕРДІҢ Қызметтерін басқа абоненттердің пайдалануына кедергі келтіруге;
 - б) ПРОВАЙДЕРДІҢ желісінің кез-келген бағдарламаларына, дерекқорларына және басқа да құрамдас бағдарламалық элементтеріне өз білгенінше (рұқсатсыз) кіруді жүргізуге, сондай-ақ ПРОВАЙДЕРДІҢ желісінің жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін кез-келген басқа әрекеттерді іске асыруға.
 - с) деректерді желіге берген кезде өзінің IP-адресін, сондай-ақ басқа желілік протоколдарында пайдаланылатын адресстерді бұрмалауға.

d) АБОНЕНТ «Интернет» желісінің медиалық, графикалық, жарнамалық, баннерлік мазмұндағы файлдары бар веб-ресурстарға кіруі (музыкалық файлдар, кино-, бейнеөнімдер, онлайн-радио/жаңалықтар, эротикалық-порнографиялық мазмұндағы электрондық өнім және т.б.), сол секілді аталған веб-ресурстардан ақпарат қабылдау Интернет-трафиктің көлемі бойынша (Мб) айтарлықтай түрленуіне әкелетінін түсінеді.

ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

ПРОВАЙДЕР	АБОНЕНТ
<p>Атауы: "Intelsoft Kazakstan LTD" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p> <p>Қолтаңба _____</p> <p>Аты-жөні Ақжолова Назгул Кабденовна</p> <p>Лауазымы Атқарушы директор</p> <p>М.О.</p>	<p>Атауы: _____</p> <p>Қолтаңба _____</p> <p>Аты-жөні _____</p> <p>Лауазымы _____</p> <p>М.О.</p>

" _____ " _____ ж. күнгі № _____ Шартқа
(әрі қарай - Шарт)
№ 3 ҚОСЫМША

Алматы қаласы

" _____ " _____ ж.

**ПРОВАЙДЕРДІҢ Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуі үшін қажетті
НЕГІЗГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕР**

АБОНЕНТТІҢ ҚОСЫЛҒАН ЖЕЛІЛЕРІ

№	MAC адрес							IP адрес				IP-адрестің түрі (нақты/жеке)	Ескерту
1.	-	-	-	-	-	-	-					жеке	желі адресі
2.	-	-	-	-	-	-	-					жеке	шлюз адресі
3.												жеке	АБОНЕНТТІҢ адресі
4.	-	-	-	-	-	-	-					жеке	кеңінен тарату адресі
АБОНЕНТТІҢ қосалқы желісінің маскасы													

АБОНЕНТТІҢ МАРШРУТТАЛАТЫН ЖЕЛІЛЕРІ

№	AS	IP-желі (CIDR)	ПРОВАЙДЕРДІҢ нақты IP- адрестерінің саны	Түйіспе адресі
1.		_____ / _____		
2.		_____ / _____		

Ескерту:

1. Түйіспе түрі: Ethernet.
2. АБОНЕНТ барлық қосылу интерфейстерінде, ARP, және PROXY ARP сұрауларынан бөлек, "Broadcast forwarding", "Spanning Tree" және басқа да кеңінен таратылатын сұрауларды алып тастауы керек.
3. АБОНЕНТ байланыс жабдығына қосылған интерфейстерде ПРОВАЙДЕР тек осы мақсаттар үшін ғана берілген IP-адрестерді пайдалануға міндетті.

DNS-серверлер

ПРОВАЙДЕРДІҢ бастапқы DNS-сервері	217	15	178	2
ПРОВАЙДЕРДІҢ екінші DNS-сервері	217	15	178	4

АБОНЕНТТІҢ Е-MAIL-АДРЕСТЕРІ

№	АБОНЕНТТІҢ ресми E-mail-адресі	Пароль	Ескерту
1.		-	негізгі
2.		-	

Ескерту: Егер АБОНЕНТ біреуден артық электронды пошталық адреске ие болатын болса, «Ескерту» жолында аталған адресстердің қайсысы негізгі байланыс арнасы болып табылатынын көрсету керек.

Бұл Қосымша шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады және Тараптап қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

ПРОВАЙДЕР	АБОНЕНТ
Атауы: "Intelsoft Kazakstan LTD" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Атауы: _____
Қолтаңба _____	Қолтаңба _____
Аты-жөні Ақжолова Назгул Кабденовна	Аты-жөні _____
Лауазымы Атқарушы директор	Лауазымы _____
М.О.	М.О.

" _____ " _____ ж. күнгі № _____ Шартқа
(өрі қарай - Шарт)
№ 4 ҚОСЫМША

Алматы қаласы

" _____ " _____ ж.

ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ-ТАБЫСТАУ АКТІСІ

"Intelsoft Kazakhstan LTD" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Атқарушы директор Ақжолова Назгул Кабденовна тұлғасында, өрі қарай "ПРОВАЙДЕР", және

_____ тұлғасында, төмендегі туралы осы Үздіксіз қызмет көрсетудің басталуы туралы актіге (өрі қарай - Акт) жасасты:

1. Осы құжатты рәсімдеумен Тараптар АБОНЕНТКЕ Интернет желісіне қол жеткізу Қызметтерінің үздіксіз берілуін ПРОВАЙДЕРДІҢ " _____ " _____ ж. № _____ Орындалған жұмыстарды табыстау-қабылдау актісімен расталған қосудан кейін, " _____ " _____ ж. бастағанын растайды.
2. Шарттың талаптары бойынша Қызметтерді көрсетудің басталу күні деп осы Актінің 1-тармағында көрсетілген күн саналады. Осы актіге қол қойған мезеттен бастап, АБОНЕНТ ПРОВАЙДЕР беретін шоттарды төлеуге міндетті.
3. Осы Акт бір бетте, Тараптардың уәкілетті өкілдері өз қолдарымен қол қойған екі данада жасалды, олардың бірдей заңды күші бар, Тараптардың әрқайсысына бір данадан беріледі.

ПРОВАЙДЕР	АБОНЕНТ
<p>Атауы: "Intelsoft Kazakhstan LTD" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p> <p>Қолтаңба _____</p> <p>Аты-жөні Ақжолова Назгул Кабденовна</p> <p>Лауазымы Атқарушы директор</p> <p>М.О.</p>	<p>Атауы: _____</p> <p>Қолтаңба _____</p> <p>Аты-жөні _____</p> <p>Лауазымы _____</p> <p>М.О.</p>